

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 475 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 707 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1313 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1313 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 234-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында лизинг беруші әкелген, импорты қосылған құн салығынан босатылатын негізгі құралдар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 475 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 19, 245-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында лизинг беруші әкелген, импорты қосылған құн салығынан босатылатын негізгі құралдар тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 38-1, 38-2 және 38-3-жолдармен толықтырылсын:

"38-1 Карточкаларды оқитын құрылғылары (карт-ридерлері) бар төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын микрокомпьютерлер* 8471 30 000 0-ден

38-2 Импринтер - сату/сервис нүктелерінде төлем карточкаларын қабылдауға арналған механикалық құрылғы; төлем карточкаларын дербестендіруге арналған құрылғылар; эмбоссер - төлем карточкасына ақпаратты таңбалап басу түрінде енгізуге арналған құрылғылар* 8472 20 000 0-ден

38-3 Электронды депозитарлық машиналар - төлем карточкаларын пайдалана отырып,

ұстаушылардың шотына депозиттер
қабылдайтын құрылғылар;
кэш-диспенсерлер; банкоматтар* 8472 90 800 0-ден".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*